

«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

 Қожабаев Е.Н



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Нуртазина Б.Ж

« 29 » тамыз 2024 ж

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған
3« А» класының жылдық тәрбие жоспары**

Класс жетекшісі: Базарбаева В.Қ

Ақтөбе 2024ж.
ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- ✦ тәуелсіздік және отаншылдық
- ✦ бірлік және ынтымақ
- ✦ әділдік және жауапкершілік
- ✦ заң және тәртіп
- ✦ еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- ✦ жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Қамқор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Ұшқыр ой аланы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету 1. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 06.04.2020 ж. №130 бұйрығы 2. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы 3. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережесі бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. №748 қаулысы 4. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. №235 бұйрығы 5. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жж арналған кешенді жоспар бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. №748 қаулысы 6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрық				
П. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық семинар конференцияларға қатысу, өткізу.				
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы «Шұғыл қызмет нөмірлері» (10 минут)	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	02.09.
2	«Тілім менің тірегім» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңыру шалу скриптері» (10 минут)	Сабақ жоспары Слайд	Сынып жетекшісі	09.09
3	«Отбасы-бақыт мекені» Қауіпсіздік сабағы «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	16.09

	(10 минут)			
4	«Бәрі де ана, бір өзінен басталады» Қауіпсіздік сабағы «Қалай өз-өзінді қауіпсіз қорғауға болады?» (10 минут)	Еңбек күніне арналған сынып сағаты	Сынып жетекшілері	23.09
5	«Еңбекпен жетістікке жеткендер» Қауіпсіздік сабағы «Бейтаныс адамдардың қулығы» (10 минут)	сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.09

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

1	«Қарттарым - асыл қазынам» »Қауіпсіздік сабағы «Виртуалды достардан қалай сақтануға болады?» (10 минут)	Сабактың жоспары	Сынып жетекшісі	07.10
2	«Даналық ұстаздан» Қауіпсіздік сабағы «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам» (10 минут)	Сабактың жоспары	Сынып жетекшісі	14.10
3	«Тәуелсіздік жемісі арайлап атқан таңдарым» республиканы күніне арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы «Ата-ананың бақылауы бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер» (10 минут)	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	21.10

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар» (10 минут)	Сабактың жоспары	Сынып жетекшісі	04.11
2	«Қазақтың теңгесі» Қауіпсіздік сабағы «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» (10 минут)	Сабактың жоспары	Сынып жетекшісі	11.11
3	«Әділдік пен жауапкершілік – егіз ұғым» Қауіпсіздік сабағы «Шұғыл қызмет номерлері» (10 минут)	Сабактың жоспары	Сынып жетекшісі	18.11
4	«Әділ болуға өзіңді қалыптастыр, шындықты айтып үйрен»	Сабактың жоспары	Сынып жетекшісі	25.11

	Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» (10 минут)			
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	02.12
2	«Ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл байлық ел үшін» Қауіпсіздік сабағы «Қалай өз-өзінді қауіпсіз қорғауға болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	09.12
3	«Тәуелсіздік тұғырымы» Қауіпсіздік сабағы «Бейтаныс адамдардың қулығы» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	16.12.
4	«Ынтымақтың түбі-игілік» Қауіпсіздік сабағы «Виртуальды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	23.12
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	13.01
2	«Заңдылық және құқықтық тәртіп» Қауіпсіздік сабағы «Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі, мектеп инспекторы	20.01
3	«Заң- тәртіп пен әділеттіліктің негізі» Қауіпсіздік сабағы «Әлеуметтік желдегі қауіпті ойындар» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	27.01
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні				
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1	«Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» Қауіпсіздік сабағы «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» (10 минут)	Сабақ жоспар	Сынып жетекшісі	03.02
2	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы «Шұғыл қызмет номерлері» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.02.

3	«Жасампаздық пен жанашылдық рухтың жаршысы» Қауіпсіздік сабағы «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.02
4	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	24.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы «Қалай өз-өзіңді қорғауға болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі, ата ана	03.03
2	«Мен елімнің ертеңімін» Қауіпсіздік сабағы «Бейтаныс адамдардың қулығы» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.03
3	«Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Қауіпсіздік сабағы «Виртуалды достардан қалай сақтануға болады?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.03
4				

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні

12 сәуір – Ғылым күні

15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні

18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні

23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	«Біз таңдаған кітаптар» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) Ата-аналардың бақылауы» бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.04
2	«Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі» Қауіпсіздік сабағы «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.04
3	«Білімді ұлт: терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	21.04

	Қауіпсіздік сабағы «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» (10 минут)			
4	«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» Қауіпсіздік сабағы «Шұғыл қызмет номерлері» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	28.04
МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы («Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скиптері» 10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	05.05
2	«Бұл өмірдің мәні – сенсін, қымбатты досым» Қауіпсіздік сабағы «Не жөнінде үндемей қалуға және ата- аналардан жасыруға болмайды?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.05
3	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	19.05

Байғанин ауданы бойынша дәйексөздер тізімі

№	АПТА	ДӘЙЕКСӨЗ
Қыркүйек «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»		
1	1 АПТА	«Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Өлімбаев)
2	2 АПТА	«Жанұям – қорғаным, ата – анам тірегім!»
3	3 АПТА	«Ата көрген – оқ жонар, ана көрген – тон пішер»
4	4 АПТА	«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» (Абай)
Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»		
1	1 АПТА	«Туған жерін сүю баланың азаматтық парызы» (Қожабай Жазықов)
2	2 АПТА	«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі» (Ыбырай Алтынсарин)
3	3 АПТА	«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық білім кітапта, Ерінбе оқып, көруге» (Абай)
4	4 АПТА	«Отан – өткенімізді танып, бағалай білу, ең әуелі, өзімізді қадірлей білу» (Ахмет Байтұрсынұлы)
Қараша «Әділдік және жауапкершілік айы»		
1	1 АПТА	«Адамдар әділ болса, өмір ерқашан әділ» (Әбіш Кекілбаев)
2	2 АПТА	«Тура биде туған жоқ!» (Төле би)
3	3 АПТА	«Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды» (Әлихан Бөкейханов)
4	4 АПТА	«Жас мұраты, білім, тәлім — талабы... Өнер, оқу — жастықтың қару жарағы» (Ілияс Жансүгіров)
Желтоқсан «Бірлік және ынтымақ айы»		
1	1 АПТА	«Бірлігі күшті ел озады»

2	2 АПТА	«Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»
3	3 АПТА	«Барымыз да, бағымыз да - Тәуелсіздік» (Қасым-Жомарт Тоқаев)
4	4 АПТА	«Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»
Қаңтар «Заң және тәртіп айы»		
1	1 АПТА	«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» (Абай)
2	2 АПТА	«Әділ заң – аспан тірегі»
3	3 АПТА	«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» (Бауыржан Момышұлы)
4	4 АПТА	«Талап бар жерде тәртіп бар, тәртіп – тәрбие бастауы»
Ақпан «Жасампаздық және жаңашылдық айы»		
1	1 АПТА	«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боларсың елден бөлек» (Абай)
2	2 АПТА	«Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз!» (Бауыржан Момышұлы)
3	3 АПТА	«Жаңашылдық – заман талабы, жасампаздық – бәрімізге өнеге»
4	4 АПТА	«Шығармашыл бала – ойлы бала»
Наурыз «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»		
1	1 АПТА	«Ел алғысын алсаң елеулісі боларсың»
2	2 АПТА	«Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз» (Мұхтар Әуезов)
3	3 АПТА	«Адамға — ақыл керек, іс керек, мінез керек» (Абай)

4	4 АПТА	«Тәуелсіздік – төтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»
Сәуір «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»		
1	1 АПТА	«Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап» (Абай)
2	2 АПТА	«Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп, өнер»
3	3 АПТА	«Патриотизмі жоқ халық – жаны жоқ жанмен тең» (қанатты сөз)
4	4 АПТА	«Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы» (Абай)
Мамыр «Бірлік және ынтымақ айы»		
1	1 АПТА	«Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек» (Төле би)
2	2 АПТА	«Ең берік қамал – Отанға деген сүйіспеншілік»
3	3 АПТА	«Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» (Дінмұхамед Қонаев)
4	4 АПТА	«Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»